

«Еуропаға жол» бағдарламасы аясындағы Қазақстанның Еуропа елдерімен ынтымақтастығының мәдени аспектісі

М.О. Иембекова

Тұрар Рысқұлов атындағы экономикалық университет,
Қазақстан, Алматы қаласы

E-mail: iembek@mail.ru

Түйін. Мақалада Қазақстан мен Еуропаның жетекші елдері арасындағы мәдени ынтымақтастықтың «Еуропаға жол» бағдарламасы аясында одан әрі жаңа қарқынмен дамып, өркендеп келе жатқаны және екі жақты қатынастарды стратегиялық серіктестік дәрежесіне дейін көтеруде мәдени қатынастардың да қосып отырған үлесі талданған.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясатында Еуропа елдерімен ынтымақтастықты жоғары деңгейде дамытып, оны стратегиялық серіктестік деңгейіне дейін көтеру мақсаты қойылғаны бәрімізге белгілі. Осы мақсатта Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысымен арнайы «Еуропаға жол» бағдарламасы қабылданып, оны жүзеге асыруда көптеген шаралар атқарылып, өз нәтижесін бергені сөзсіз. Бұл бағдарлама, бір жағынан, Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығының сәтті өтуіне жол ашты десе болады.

2009-2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының Президентінің 2008 жылғы 6 ақпандағы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес әзірленді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Жолдауда: «Бүгін біздің еліміз халықаралық дәрежеде танылудың жаңа сапалық деңгейіне көтерілді. Қазақстанның 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі туралы шешім оның сенімді дәлелі болады...

Осыған байланысты «Еуропаға жол» атты арнайы бағдарлама әзірлеу қажет. Ол экономикалық ынтымақтастықты дамытуға, басқарудың тәжірибесі мен технологиясын таратуға, заңдарымызды жетілдіруге, ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуіміздің стратегиялық пайымын және өзіміздің күн

тәртібімізді белгілеуге ықпал етуге тиіс», – деп алдыға үлкен міндеттер қойған еді [1,19-б.].

Аталған Бағдарлама Қазақстан мен Еуропа елдерінің өзара ынтымақтастығын жаңа бір деңгейге көтерді десек те болады. Оны Қазақстан мен Еуропа елдері арасындағы мәдени ынтымақтастықтың да жаңа бір серпінмен дами бастағанынан көруге болады.

Қазақстан мен Еуропа елдері арасындағы мәдени ынтымақтастық – өнер күндерін атап өту, әртістердің гастрольдерін, өнер шеберлерінің көрмесін ұйымдастыру т.с.с. шаралар легі екі жақтың да мәдени ынтымақтастықты дамыта отырып, халықтар арасындағы өзара достық қатынастарды жоғары деңгейге жеткізуге деген ұмтылыстарын көрсетеді. Ал бұл өз кезегінде әлемдік өркениеттің дамуына қосылатын қомақты үлес десе болады. Сонымен қатар халықтар арасындағы мәдени байланыстардың нығаюы, тәжірибе алмасу,

Осының дәлелі бүгінгі күні Қазақстан мен Еуропаның белді мемлекеттері Франция, Германия арасындағы мәдени байланыстардың даму қарқыны мен жеткен жетістіктері екені анық.

Солардың ішінде Қазақстан мен Францияның арасындағы мәдени қатынастардың бүгінгі даму қарқыны, осы саладағы орнаған өзара тиімді байланыс қазіргі кезде екі елдің арасындағы қатынастарды стратегиялық серіктестік деңгейіне көтеруге себебін тигізетін фактілердің бірі болып отыр.

Қазақстан мен Франция арасындағы мәдени байланыстар тым ертеден басталғаны тарихтан белгілі. Екі елдің де бір-бірінің мәдениет, өнер туындыларын тамашалап, тәжірибе алмасып, ынтымақтастықтары жарасып келе жатқандығына өткізіліп жатқан мәдени шаралар легі куә.

Франция басқа Батыс Еуропа елдері сияқты посткеңестік елдерге гуманитарлық және экономикалық, техникалық көмек ұйымдастырып, соның ішінде Қазақстанмен қатынасты барлық салада дамытуға ынталы ел болып табылады. Осы уақытқа дейін Франция өз елшіліктерінің қолдауымен көптеген елдерге, соның ішінде Қазақстанға да гуманитарлық-мәдени салаларда көмек көрсетіп келеді. Ол, әсіресе тіл үйрету, білімді жетілдіру, денсаулық сақтау жүйесінде кең бағыт алып отыр. Мұндай іс-әрекеттер Қазақстан үшін де аса қажетті.

Қазақстан мен Франция арасындағы мәдени ынтымақтастық 1993 жылы екі мемлекет үкіметтері арасында мәдениет және өнер саласындағы ынтымақтастықты жандандыру барысы туралы келісімге қол қоюдан басталды.

Бұл келісімшарт, негізінен, 11 баптан тұрады. Онда екі мемлекет арасындағы мәдени байланыстардың барлық салаларында қарым-қатынасты дамытуға, осы салаларда өз тәжірибелерімен бөлісуге, бір-біріне көмек көрсете отырып, қолдау жасау жағы қарастырылған. Осы келісім негізінде екі мемлекет арасында тікелей мәдени салада байланыстар орнатуға мүмкіндіктер туды. Қазақстан мен Франция арасында өнер қайраткерлері өзара тәжірибесімен алмасуға және көрмелер ұйымдастыруға, сонымен қатар бір мемлекет екінші мемлекеттің өнер қайраткерлерін өз еліне шақыруға мүмкіндік беріледі деп келісілді. Сонымен бірге осы келісім негізінде екі мемлекет арасында өнер қайраткерлері өз көрмелерін өткізуге және ақыл-кеңес беруге де ынталы екендігі атап өтілді [2]

Осы келісімге сүйене отырып, Қазақстан мен Франция арасындағы мәдени байланыстардың заңдық негізі қаланды деп айтуға болады.

2004 жылы желтоқсанда Алматыда «Альянс Франсез» мәдени – ағарту агенттігінің өкілдігінің ашылуы екі жақты мәдени қатынастарды жүйелі түрде дамытуға ұмтылысты көрсетеді. Бұл агенттіктің бүгінгі таңда 139 елде филиалдары жұмыс істейді. Олар, негізінен, Франция үкіметінің франкофония және мәдени-гуманитарлық

ынтымақтастықты дамытудағы басты құралы болып табылады.

Қазіргі таңда агенттіктің өкілдіктері еліміздің төрт қаласында жұмыс істейді: Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе[3].

Кейінгі кезде Қазақстан мен Франция арасындағы мәдени саладағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту, нығайту елімізде қабылданған «Еуропаға жол» бағдарламасында белгіленгендей одан әрі қарқынды дами түскені осы салада атқарылған бірқатар жұмыстардан көрінеді.

Францияның Қазақстанға барлық көмектерін көрсетіп отырғаны М. Шоқай туралы фильмнің түсірілу барысынан да көрінді. 2009 жылы ақпан айында Францияға арнайы сапармен келген Қазақстан делегациясын француз жағы жылы қабылдап, өздерінің көмектерін көрсете білді. Делегация «Мұстафа Шоқайдың ізімен» атты көп сериалы деректі фильмнің жобасын жасауға байланысты Францияға М. Шоқай туралы деректер жинау мақсатында келген еді. Сапар барысында Қазақстан делегациясы, алдымен, Францияның Ұлттық ассамблеясының депутаты Тьерри Марианмен кездесті. Осы кездесуде депутат профессор Абдухаб Карадың кітабын қазақ тіліне аударуға көмектесетінін білдірді.

Қазақстан делегациясы үшін Ножан – сур – Марн, Шелл және Фонтенбло қалаларына сапар ұйымдастырылды, сонымен қатар Францияның ғылыми және академиялық қоғамы өкілдерімен, қоғам қайраткерлерімен, саяси қайраткерлермен кездесу және интервью ұйымдастырылды.

Осы сапар барысында жиналған деректер мен материалдар барысында М. Шоқай туралы деректі фильмді жасап шығаруға мүмкіндік болды [4].

Франциямен мәдени ынтымақтастықтың көрінісінің бірі Қазақстан Президентінің 2010 жылғы қазандағы сапары барысында ұйымдастырылған мәдени шаралар болды.

2010 жылы 27 қазан күні Париж қаласындағы Гиме атындағы белгілі Азия өнер музейінде екі елдің мәдениет министрлері Мұхтар Құл-Мұхаммед пен Фредерик Миттеранның қатысуымен қазақстандық көрменің ашылу салтанаты болды. Француздарға және Париж қонақтарына алғаш рет көшпелілердің ежелгі және ортағасырлық мәдениетін баяндайтын бай археологиялық және этнографиялық жәдігерлердің коллекциялары ұсынылды. Министр Ф. Миттеран өзінің сөйлеген сөзінде ежелгі көшпелілердің өркениеттері дең-

гейлерінің жоғары екендігі жөнінде экспонаттар куәлендіретінін мәлімдей келе, аталған көрменің ерекшелігін атап көрсетті.

Осы көрмеге орай 29 қазанда француз астанасында көшпелілердің өркениеті дамуының мәдени-тарихи аспектілеріне арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Осы шараға Шығыстану институтының президенті Жак Легран, Гиме музейінің директоры Жак Жиес, профессор Катрин Пужол, зерттеуші этнограф Ванда Дресслер және басқалар қатысты. Атап кеткен жөн, Ванда Дресслер – жуырда Францияда жарық көрген «Қазақстан» атты фотоальбом авторларының бірі. Ғалым, этнограф Гзавье Аллез жасаған орасан зор еңбектің арқасында француз тілінде түсініктемелер берілген «Тәттімбеттің музыкалық мұралары» компакт дискісі шығарылды.

Сол күні кинематография саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге және Алматы қаласының Орталық мемлекеттік музейі мен Гиме атындағы Азия өнер музейінің арасында мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы ниет хаттамасына қол қойылды.

Тағы бір тарихи оқиға, халқымыздың көрнекті саяси қайраткері Мұстафа Шоқайдың саналы өмірінің елеулі бөлігі өткен Ножан-сур-Марн қаласында оның мүсінін ашу салтанаты ұйымдастырылды [5].

Францияда Қазақстанға деген қызығушылықтың артып келе жатқанына сол елдегі біздің мәдениетімізді танытатын шараларға француздардың белсене әрі қызыға қатысуы дәлел. Соның бірі – 2011 жылдың 23 маусымында Парижде өтетін Қазақстанның Франциядағы Мәдениет күндері шеңберіндегі концертті. Қазақ сахнасының шеберлері Париждің керемет сахналарының бірі «Гаво» залында өз өнерлерін жоғары деңгейде көрсете білді. Қазақ жерінің өнерін сыншыл француз көрерменіне еліміздің ең дарынды, бетке ұстар және танымал шеберлері сыйлады [6].

Сонымен қатар Ренн қаласында өткен Алматы қаласы мәдени күндерін атап өтуге болады. Қазақстанның Ренн қаласындағы мәдени күндері қаланың «Могра» паркінің аллеясында Алматыдан әкелінген апорт көшеттерін отырғызумен басталды. Осыдан соң Shambres Liberte комплексінде қазақстандық қолөнер шеберлерінің көрмесі ашылды. Көрмені тамашалауға келгендер үшін мастер-кларстар да өткізілді, яғни келушілерге киіз

басу қалай жүргізілетіні, кесте тоқу, керамикадан түрлі заттар жасау, алаша тоқу, ағаштан өрнектеп зат жасау, шиден заттар жасау, әшекей бұйымдары қалай жасалатындығы көрсетілді. Келушілер көріп қана қоймай, өздері де заттарды жасап көріп бірқатар сабақтар алысты.

Осындай үлкен шара гала-концертпен аяқталды. Концертке ҚР еңбек сіңірген әртісі Айгул Қосанова, Абай атындағы опера және балет театрының әншілері Альфия Кармова және Медет Чотабаев, «Арнау», «Сазген сазы» фольклорлық – этнографиялық ансамбльдері қатысты [7].

Сонымен қатар Француз астанасының «Cume» Халықаралық өнер орталығында Қазақстан Республикасы Елшілігінің қолдауымен Республика күніне арналған белгілі қазақстандық өнер иелерінің, яғни суретші Қажыбек Баймолдин мен мүсінші Өмірзақ Шанов шығармаларының көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің ашылуына «Cume» Халықаралық өнер орталығының Бас директоры Сидней Перолл, француздық іскерлік және қоғамдық орталардың өкілдері, қазақ диаспорасы, бірқатар шетелдік суретшілер шақырылды. Құрметті профессор, Қазақстанның Бейбітшілік және мәдени келісім сыйлығының лауреаты Альберт Фишлер Қазақстан Республикасының Елшілігіне екі жақты мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейту мен тереңдетуге ықпал ететін маңызды көрмені ұйымдастырғаны үшін ризашылығын білдірді. Қазақстандық суретшілер Қ. Баймолдин мен Ө. Шанов ТМД елдері суретшілері одағының Конфедерациясымен ұйымдастырылған Парижге шығармашылық сапарлары аясында екі ай ішінде 15 картина мен 3 мүсін жасады. Ө. Шановтың «Томирис» және «Бақа мен бала» шығармалары тиграхаудтар мен балалық шаққа жолбасшылық еткен тарихи тұлғаға арналған. «Жасөспірім француз» мүсіні қазіргі заманғы француз жастарын бейнелесе, ал кескіндемелік серия Париж богемасы өмірінің тақырыбына көшпендінің ой-қиялын суреттейді [8].

Франциямен қатынастарымыз мәдени байланыстардың барлық салаларын қамтып отыр. Сондай шаралардың бірі Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы мен Париж музыка және би ұлттық консерваториясы арасындағы келісім аясында жыл сайын Қазақстанның барлық өңірлерінің орындаушылары және Франция музыканттары қатысатын «Восходящие звезды» атты бірлескен жобаның өткізілуін атап өтсе болады.

Қазақстан мен Франция арасындағы кино мен телевидение саласындағы ынтымақтастық та жақсы жағынан көрсете білді.

Осындай атқарылған жұмыстар легі екі елдің арасындағы мәдени қатынастардың үздіксіз дамып, еуразиялық мәдениет пен өнердің ұштаса, үйлесімді дамуына үлес қосатындай деңгейге жеткендігінің көрінісі болып отырғаны анық.

Қазақстанның Еуропа елдері ішіндегі тағы да бір ірі серіктестерінің бірі *Германия* болып табылады. «Германия Қазақстанның сенімді досы және маңызды сыртқы саяси, экономикалық серіктесі болып табылады. Бүгінгі күні Қазақстан Германияның Орталық Азиядағы жетекші экономикалық әріптесі болса, ал Германия Қазақстанның Еуропадағы негізгі әріптестерінің бірі», – деп атап көрсеткен еді Елбасы Н. Назарбаев Германияның Президенті Хорст Келлермен кездесуінде [9].

Қазақстан мен Германия арасындағы мәдени ынтымақтастықтың жүйелі түрде дамуы екі мәселеге байланысты: біріншіден, әлі де болса Қазақстанда мектепте, жоғары оқу орнында неміс тілін оқыған азаматтардың көп болуы, екіншіден, неміс ұлты өкілдерінің Қазақстанда өмір сүруі. Осы мәселелердің Қазақстан мен Германияның өзара ынтымақтастығын одан әрі дамытуға түрткі болып отырғаны анық.

Екі елдің арасындағы мәдени байланыстар 1994 жылы желтоқсанда қол қойылған «Мәдени ынтымақтастық туралы» келісім негізінде қалыптасып, дамып келеді.

Содан бері Германия Қазақстанмен ынтымақтастығын бірнеше миссиялар шеңберінде дамытып келеді. Атап айтқанда, 1992 жылдан бастап шетелдегі мектептер мәселесі бойынша Орталық басқарма аясында, 1994 жылдан Гете институты, 1989 жылдан академиялық тәжірибе алмасудың неміс қызметі (DAAD), шетелдік байланыстар институты (ifa).

Екі елдің арасында ынтымақтастық қатынастар орнасымен, мәдени ынтымақтастық мәселесі бойынша Қазақстан – Германия аралас үкіметаралық комиссиясы құрылған.

Осы комиссияның аясында мәдениет саласындағы өзара қатынастардың өзекті мәселесі, білім беру саласындағы мәселелер қарастырылады, сонымен қатар гуманитарлық ынтымақтастыққа үлкен көңіл бөлінеді. Қазақстан мен Германия арасындағы мәдени ынтымақтастық жүйелі

түрде жүзеге асырылуда. Германияда үнемі қазақстандық өнер қайраткерлерінің қатысуымен концерттер, көрмелер, өнер күндері өткізіліп келеді.

Екі елдің арасында 2006 жылдан бастап қазіргі күнге дейін «Қазақ кітапханасы» атты жоба жүзеге асырылуда. Бұл жобаның мақсаты герман қоғамын көрнекті қазақстандық жазушылардың творчествосымен таныстыру болып табылады. Қазіргі кездің өзінде Абайдың таңдамалы шығармалары, М. Әуезовтің «Келіндер көтерілісі», Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың акыры», Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз», Т. Ахтановтың «Дала сыры», О. Сүлейменовтің «Әлем шегіндегі бір минут үнсіздік» кітаптары неміс тіліне аударылды [10].

2009 жыл Германияда «Қазақстанның мәдени жылы» боп аталып үлкен мәдени шаралар өткізілді. Бұл Қазақстанның Еуропа елдерінде өткізген алғашқы ірі мәдени шараларының көрінісі еді. Мұның өзі Еуропа елдерімен мәдени ынтымақтастықтың одан әрі сапалы деңгейде өрістеп отырғанының дәлелі болды.

Қазақстанның Германиядағы жылы 2009 жылы 3 ақпанда Берлин қаласындағы «Концертхаус» үлкен залында Қазақстан өнер шеберлерінің концертімен салтанатты түрде ашылды.

Сонымен қатар «Қазақстан – Еуразия жүрегі» фотокөрмесі мен «Алтын адам» экспозициясының тұсаукесері ұсынылды.

Елбасы осы Қазақстанның Германиядағы Жылының ашылу салтанатында сөйлеген сөзінде Федералдық президент Х. Келер мырзаның Қазақстанға келген сапары кезінде Германияда Қазақстанның және Қазақстанда Германия жылын өткізуге келіскендіктерін айта отырып: «Осындай нақты шешімге келіп, мемлекеттеріміз арасындағы қарым-қатынастардың жаңа сапасына стратегиялық деңгейге көтеруді, ең бастысы – азаматтарымыздың тікелей қарым-қатынастары мен іскерлік байланыстарын нығайтуды көздедік», – деп атап өткен еді [11,302 б.].

Қазақстанның Германиядағы жылының екінші маусымында (17-22 сәуір) Республикалық неміс драма театрының гастрольдік сапары болды. Мюнстер мен Берлин қалаларында Қазақстанның зергерлік және бейнелеу өнерінің көрмелері мен фотокөрмелері ұйымдастырылды.

2010 «Германиядағы Қазақстан күндері» атты шараның аясында көптеген мәдени ынтымақтастық мәселелері бой көрсетті. Сол жылдың

бірінші жартысының өзінде-ақ 60-тай мәдени гуманитарлық іс-шара өткізілді. Атап айтқанда, Берлин қаласында Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрінің концерті, Штутгарт қаласында Алматы қаласының мәдени күндері өтті, оған «Сазген сазы» ансамблі мен Республикалық неміс театрының өнер қайраткерлері де қатысты. Сонымен қатар Астана қаласы мен Берлин қаласы арасында бокстан достық матчы өткізілді; Астана қаласы туралы фотокөрме; Қазақстанның қолөнер көрмесі мен зергерлік бұйымдар көрмесі; қазақ-герман жастар форумы; Оберкохен қаласының неміс мектебі мен Алматы қаласындағы № 18 лингвистикалық гимназиясы арасында оқушылар алмасу; О. Сүлейменовтің неміс тіліне аударылған «Минута молчания на краю света» атты кітабының тұсаукесері т.б. [10].

Осы жылдың екінші жартысында мынадай шаралар өткізілді: Лейпциг қаласында атақты пианистка Ж. Әубәкірованың концерті, «Қазақстандағы мәдениет аралық диалог» атты Форум, Германиядағы Қазақстан киносының апталығы, Қазақстан суретшілерінің көрмесі. Сонымен қатар Қазақстанның Германиядағы өнер күндерінің қорытындысы ретінде гала концерт өткізілді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Германия Президенті Хорст Келер 2009 жылы Қазақстанның Германиядағы жылын, ал 2010 жылы Германияның Қазақстандағы жылын өткізу туралы шешім қабылдағанда, мемлекетаралық қарым-қатынасты сапалы жаңа деңгейге шығаруды, бірінші кезекте екі ел халықтарын жақындастырып, адамдар арасындағы байланыстарды белсенді жолға қоюды көксегендері анық. Өйткені қос мемлекеттің арасын бес-ақ сағаттық ұшақ жолы бөліп жатса, Германияда Қазақстан туралы екіншісі біле бермейтінін жасырудың жөні жоқ. Осы себепті тараптардың неміс қоғамын қазіргі Қазақстанмен, оның мәдениеті және дәстүрлерімен жақынырақ таныстыруды мақсат тұтқандары басы ашық мәселе.

Бұл ниет Н. Назарбаев пен Х. Келердің Қазақстанның Германиядағы жылының жабылу салтанатына қатысушыларға арнаған құттықтауларында да қуаттала түсті. Осы жиында Қазақстан басшысы өз құттықтауында былай дейді: «Екі ел арасында дипломатиялық қатынастар орнағаннан бері алғаш рет неміс жерінде басталған Қазақстан жылы аяқталып келеді. Федералдық Президент Хорст Келер мыр-

замен 2008 жылғы қыркүйек айында Астанада халықтарымызды жақындастыруды, азаматтарымыздың тікелей қарым-қатынастары мен іскерлік байланыстарын нығайтуды көздеп, 2009 жылы Германияда Қазақстанның және 2010 жылы Қазақстанда Германияның жылын өткізу туралы уағдаласқан болатынбыз. Бұл – Қазақстанның Еуропа Одағы елдерінде өткізіп отырған, бүкіл бір жылды тұтас қамтитын алғашқы халықаралық маңызы зор іс-шарасы. Осыдан-ақ Қазақстанның Германиямен достық байланысқа ерекше мән беретінін көруге болады. Келер жылы Қазақстан халқының Германияның Қазақстандағы жылын асыға күтетінін, өздеріңізді Сарыарқадай кең дария көңілімен, дәстүрлі қонақжайлығымен құрмет тұтып, қарсы алуға дайын екенін білдіргім келеді» [12].

Одан соң сөз алған Х. Келер де өткізіліп отырған мәдени шараның маңызды екенін атап өтті: «Президент Нұрсұлтан Назарбаев пен 2009 жылдың 3 ақпанында ашқан Қазақстанның Германиядағы жылы аяқталып келеді. Қазақстан мол бағдарламасы арқылы өзін Германиядағы көптеген адамдарға таныстыра білді. Жыл аясындағы шараларға неміс жұртшылығы көптеп қатысып, Еуропаның маңызды серіктесі болып табылатын ел туралы танымын кеңейтті. Қазақстан жылы көптеген немістерге қазақ мәдениетін, өнерін тамашалауға мүмкіндік туғызып, қонақжайлық пен ұлттар арасындағы ұғыныстықтың, өзара сыйластықтың елді дамытудағы басты факторлардың бірі болып табылатынын түйсіндірді. ...Біздер Қазақстанды Еуропаға ұмтылған ел ретінде таныдық. 2010 жылы Қазақстан жылымен басталған көпірді салып бітіретініміз күмәнсіз. Біздер біріге салған осы көпірдің жасампаз күшіне сенеміз. Келешекте осы көпірді кеңейтуге күш салатын боламыз» [12].

Қазақстан – Германия ынтымақтастығы жылын жабу құрметіне ұлы Абай театрының әртістері ие болды. Салтанатты концертке Қазақстан Республикасының халық әртістері Сұлтан Байсұлтанов, Нұржамал Үсенбаева, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртістері Майра Мұхамедқызы, Айгүл Үлкенбаева, Шахимардан Әбілов, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткерлері Сара Ишанова, Нұрлан Жарасов, Гүлзат Дәуірбаева, Жәмила Баспақова, Болатбек Бүкенов, халықаралық конкурстардың лауреаттары Дина Хамзина, Андрей Трегубенко, Нұржан Бажекенов, Меруерт Тұяқбаева, Торғын

Смайылова, Олег Татамиров және Эльмира Ахмедьярова сынды өнер шеберлері қатысты.

Концертте А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсынан «Тойбастар», «Абай ариясы», Е. Брусиловскийдің «Қыз Жібегінен» «Шеге термесі» М. Төлебаевтың «Біржан мен Сара» операсынан «Айтыс», В.А. Моцарттың «Сиқырлы флейта» операсынан «Түн ханшайымының ариясы», Ж. Бизенің «Кармен» операсынан «Эскамильо шумақтары», Дж. Пуччинидің «Турандот» операсынан «Калафа ариясы», Ф. Легардың «Джудитте» опереттасынан «Джудитта әні», И. Брамстың «№1 венгр биі» секілді танымал шығармалар орындалды [12].

Әлемдік мәдениеттер сарайының концерттік залын толтыра жиналған неміс халқы қазақстандық өнерпаздардан қошеметтерін аяған жоқ. Әсіресе С. Байсұлтанов, Н. Үсенбаева, М. Мұхамедқызы, Ш.Әбілов өнерлеріне ризашылықпен дуылдата қол соқты. А. Үлкенбаева, Н. Әшіров және Д. Байжұманов орындаған «Күй шашуға» да ықыластары ерекше болды. Сөйтіп, талғамы жоғары жиналған қауым қазақ өнерпаздарының концертінен үлкен рухани ләззат алғандарын аңғартса, бұл өз кезегінде классикалық өнеріміздің шоқтығы биік екенін тағы бір мәрте дәлелдеп берді [12].

Осы атаулы шаралардан соң Қазақстан Республикасы Германия Федеративтік Республикасында бұрынғыдан да танымал бола түскенін атап өтуге болады. Немістердің Қазақстанға қызығушылығы артқандығының жарқын бір көрінісі ретінде Гумбольдт атындағы университетте «Қазақ тілі және Қазақстан» лекторатының ашылғанын айтуға болады. Онда 2010 жылдан бастап біздің елімізге қызығушылық танытқандар қазақ тілін оқып-үйреніп, Қазақстан туралы мольнан білуге мүмкіндік алады.

Қолда бар мәліметтерге қарағанда, бүгінде Қазақстанда 220 мыңнан астам неміс тұрып жатыр. Қазақстандық немістердің мүддесін қорғауға бағытталған үкіметаралық комиссия жұмыс істейді. Комиссияның отырыстарында мәдениет пен білім беру салаларындағы ынтымақтастықтың өзекті мәселелері талқыланып, оларды шешу жолдары қарастырылады. Өз кезегінде ол нәтижесін беріп келеді. Мысалы, Алматыда Гете институты мен Қазақстан – Германия университетінің өкілдіктері ашылды. Сонымен бірге қазіргі кезде «Болашақ» бағдарламасы бойынша Германияның

жоғары оқу орындарында 150-ден астам қазақстандық студент оқып жатыр.

Қазақстанның мәдениетінің ерекшелігі сонда, қазақ мәдениеті ұлттық дәстүрді сақтай отырып, әлем мәдениетінің де тамаша туындыларын қабылдай алуында. Өз мәдениетін әлемге таныта отырып, Қазақстан әлем елдерінің мәдени дәстүрін тамашалап, үлгі алып, тәжірибе алмасуда сындарлы саясат жүргізіп отырғаны белгілі. Көптеген елдермен мәдени ынтымақтаса отырып, қазақ мәдениеті одан әрі толығып, жаңа қырынан дамып, өсіп өркендеу үстінде.

Мәдени және рухани дамудың тұрақтылығы еліміздің аймақтық, әлемдік ықпалдасу үдерістеріне кеңінен тартылуымен қамтамасыз етіп отырғанының көрінісі.

Осы себепті Қазақстан Республикасының Еуропа елдерімен жүргізген мәдени ынтымақтастығы екі жақты қатынастарды одан әрі дамытуға септігін тигізгені сөзсіз. Сонымен қатар Қазақстан мен Еуропа елдерінің арасындағы қатынастарды стратегиялық серіктестік дәрежесіне көтеріп, мемлекеттік «Еуропаға жол» бағдарламасында алға қойылған міндеттерді орындауға көмегі болғаны анық.

Еуропа жұртшылығы Қазақстанның өзара келісіп жүргізген мәдени шараларының арқасында қазақтың ән-жыры, музыкасы, биі мен әлем мәдениетінде теңдесі жоқ күйі, қол өнері және сурет өнері туралы мағлұмат алғаны анық. Қазақстанның осындай жүргізген орасан зор жұмыстары жөнінде Германия өкілдерінің бірі Штефан Юдиш (RWE Supply&Trading GmbH компаниясының атқарушы директоры) былай деп өз пікірін білдірген еді: «Қазақ елі Президент Н. Назарбаевтың 2008 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында жан-жақты жазылған “Еуропаға жол” бағдарламасымен тамаша сәйкеседі. Менің өзіме бүгінгі концерт тамаша әсер етті. Тума талант иелері өздерінің жоғары орындаушылық шеберліктерін көрсетті. Мен қазақтардың музыкалық мәдениетін жаңа қырынан таныдым. Қобыз бен домбыра үні ұнады» [12].

Осының өзі Еуропа жұртшылығының қазақ елін танып біліп, оның халқының бай мәдениетіне сүйсінгендіктерінің айғағы.

Қазақстан мен Еуропаның белді елдерінің арасындағы мәдени ынтымақтастықтың осындай жарқын көріністері, бір жағынан, екі жақтың өнерін, мәдениетін бір-біріне танытып, үндестіріп, үйлестіріп жатса, екінші жағынан, осындай шебер

өнер туындылары арқылы, әлемдік мәдениетті дамытуға үлес қосары, осы арқылы жер бетінде бейбітшілікті қамтамасыз етуге жағдай жасауы, екі жақты қатынастардың жоғарғы деңгейге жетуіне ықпал етері сөзсіз.

Әдебиет

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқының әлауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты. Қазақстан халқына Жолдау. Алматы, 2008. – 40 б.
2. Во Франции будут выращивать алматинский апорт // kub.kz/culture/9603-vo-francii-budut-vyrashhivat-almatinskijj-aport.html
3. Қазақстан Республикасы мен Француз Республикасы арасындағы қатынастар// www.portal.mfa.kz.
4. Оспанов Е. Презентация документального фильма «По следам Мустафы Шокая» и одноименной книги запланирована на осень в Париже//www.kazinform.kz
5. Төлеуханқызы А. Француздар қазақтарды тани түсті// Егемен Қазақстан. – 2010. – 23 қараша.
6. Маусым айының соңында Парижде Қазақстанның Франциядағы мәдениет күндері өтеді// www.ktk.kz/kz/news/line/2011/06/15/101302.
7. Во Франции прошли дни культуры Алматы// www.nomad.su/?a=14-201110040008
8. Екі жақты және көпжақты ынтымақтастық. Франция // Дипломатия жаршысы. – 2008. – №4 (18).
9. Астана – Берлин: прагматизм, ведущий к успеху// www.Neonomad.Kz/neonomadika/politika/index.php?ELEMENT_ID=3374
10. Қазақстан Республикасы мен Германия Федералдық Республикасы арасындағы қатынастар//www.portal.mfa.kz.
11. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Германиядағы Қазақстан жылының салтанатты ашылуында сөйлеген сөзі, Берлин, 3 ақпан, 2009 ж.// Президент Н.А. Назарбаев и Современный Казахстан. Сб.док. и мат.в 3-х т.Отв.ред.Б.К. Султанов. Алматы, КИСИ при Президенте РК, 2010. –т.3.- 340 с.
12. Самат М. Жыл аясындағы ауқымды шаралар // Егемен Қазақстан. – 2009. – 21 желтоқсан.

Иембекова М.О.

Культурный аспект сотрудничества Казахстана с Европейскими странами в рамках программы «Путь в Европу»

В статье проанализирован уровень развития и новые достижения в сфере культурного сотрудничества Казахстана с ведущими державами Европы в рамках государственной программы «Путь в Европу» и весомый вклад культурных связей в развитие двусторонних отношений до стратегического партнерства.

Iembekova M.O.

The cultural aspect of cooperation of Kazakhstan with the European countries under the program «Way to Europe»

The article analyzed the level of development of cultural cooperation between Kazakhstan and the leading powers of Europe in the framework of the “Way to Europe” and the cultural contribution to the development of bilateral relations to a strategic partnership.